

«Керемет» бастауыш мектеп-балабақша кешенінің

директор жанындағы кеңес хаттамасы

№ 4 (қашықтықтан өткізілген жиналыс)

2020 жылғы "24" желтоқсан _____

Төрайымы: Р.Т. Қуатбекова

Хатшы: М.Әленова

Қатысқандар: 28

Күн тәртібі:

1. Электрондық сынып журналының талапқа сай жүргізілуі бақыланды. Бағдарламаның орындалуы.
2. Сыныптардағы ата-аналармен жұмысты бақылау. 1-2, 3-4 сыныптар.
3. Медициналық қызметтің көрсетілуі
4. Түрлі мәселелер.

Отырыс барысы:

1. Тыңдалды:

1. Р.Т. Қуатбекова - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:

-Күнделік Кз электрондық журналының жүргізілуі күн тәртібінен түспейді. Үнемі мониторинг жүргізіледі. Уақытында толтыру, Әр оқушының оқу жетістіктерін қалыптастырушы бағалау арқылы бағалау, оны журналыға қою. Үй тапсырмасын уақытында беру. Журнал толтыруда Желтоқсан айында мейрамға түскен тақырыптар біріктіріліп жазылуы тиіс. Әріптестерге алғыс білдіремін ерекше. Күнделік кз бойынша алдыңғы қатардамыз 100 пайыз көрсеткішті көрсетіп тұр.

Ұсыныс:

- Журнал толтырған сайын әр мұғалім өзіне мониторинг жүргізу;
- қатаң есептегі құжат толтыруда бекітілген нормативтік құжаттарды қатаң сақтау

Тексеру мақсаты: 1-2, 3-4 сыныптардың оқушыларының ата-аналарымен жұмысты тексеру.

Тексеру нысаны: 1-2, 3-4 сынып жетекшілері

Мектепте ата-аналармен жұмысқа аса назар аударылады. Оқу жылының басында ата-аналармен жұмыс жоспары, ата-аналар жиналысының жоспары жасалынып бекітіледі, ата-аналар комитетінің құрамы анықталады. Ата-аналар комитеті оқу жылында өтетін сыныптан тыс шараларды, саяхаттарды ұйымдастыруға көмектеседі.

Сынып жетекшілері қыркүйек айында оқушылардың үйін аралап, тұрмыс жағдайларын тексеру актісін толтырған. Яғни оқушының әлеуметтік жағдайын, отбасының толық немесе толық емес екенін, өгей әке немесе өгей анамен тұратындығын немесе тұрмайтындығы туралы мәліметтерді жинаған.

Ата-аналар жиналысы тексерілген барлық сыныптарда жоспардағы күн тәртібіне сәйкес өткізілген. Хаттамалары тіркелген. Тексеріліп отырған уақытқа ата-аналармен мынадай жұмыс түрлері өткізілген:

Ата-аналар жиналыстары, мұғалімнің, психологтің кеңесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен кеңес, вацап желісімен сөйлесу.

Аталған сыныптар ішінде сәтсіз отбасы ретінде тіркелген ата-аналар жоқ.

